

№1 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізу нысаны: Әдістемелік отырыс

Өткізілген күні: «02» тамыз 2024ж.

Қатысқандар: педагогтар ұжымы

Төрайымы: А.Т.Тажиданова

Хатшысы: Л.А.Нагишева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұйымдастырылған оқу қызметінің өтілуі.
2. Педагогтарды біліктілікті арттыру курсына жіберу.
3. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарын бекіту.
4. Өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысуды ұйымдастыру.

Тыңдалды: 1-мәселе бойынша: Әдіскер Л.А.Нагишева ұйымдастырылған оқу қызметінің сапалы өтуі бойынша баяндама жасады. Оқу қызметінде балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдану, көрнекіліктерді тиімді пайдалану және педагогтердің шығармашылық ізденісі туралы айтылды. Сонымен қатар, оқу қызметін өткізу барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау, балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын технологияларын қолдану қажеттігі ескертілді.

2-мәселе бойынша: Меңгеруші А.Т.Тажиданова педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында арнайы курстарға жіберу туралы хабарлады. Курстарға қатысу педагогтердің кәсіби дамуына, жаңа технологияларды меңгеруіне мүмкіндік беретіні айтылды.

3-мәселе бойынша: Әдіскер Л.А.Нагишева педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспарын таныстырды. Жоспарда педагогтердің жыл бойы жүргізетін тақырыптары, әдістемелік жұмыстар, ашық оқу қызметтері, семинарларға қатысу және шығармашылық жұмыстар қамтылғаны айтылды.

4-мәселе бойынша: Педагогтер арасында тәжірибе алмасу мақсатында өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу кестесін құру ұсынылды. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері арқылы тәжірибе бөлісу, тиімді әдістерді енгізу қажеттілігі талқыланды.

Қаулы: Ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасын арттыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

1. Педагогтерді біліктілікті арттыру курстарына кезең-кезеңімен жіберу ұйымдастырылсын.
2. Педагогтердің өз білімін жетілдіру жоспары бекітілсін және орындалуы бақылауға алынсын.
3. Өзара ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу кестесі жасақталып, тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төрайымы: Тажиданова

Хатшы: Нагишева

№2 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: «26» тамыз 2024 ж.

Қатысқандар: педагогтер ұжымы

Төрайымы: А.Т.Тажиданова

Хатшысы: Л.А.Нагишева

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жылдық және перспективалық жоспарды талқылау.
2. Күн тәртібін, ҰОІӨ кестесін талқылау.
3. №1 педагогикалық кеңеске дайындық.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер Л.А.Нагишева жылдық және перспективалық жоспардың мазмұнымен таныстырды. Жоспарлау барысында білім беру салаларының кіріктірілуі, балалардың жас ерекшеліктері мен тәрбиелік мақсаттардың ескерілуі қажеттігі айтылды.

2-мәселе бойынша:

Меңгеруші А.Т.Тажиданова күн тәртібі мен ҰОІӨ кестесінің талапқа сай құрылуы туралы хабарлады. Балалардың күн режимін сақтау, оқу жүктемесін дұрыс бөлу мәселелері қарастырылды.

3-мәселе бойынша:

Әдіскер Л.А.Нагишева №1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстарын таныстырды. Баяндамашылар, жауапты педагогтер бекітіліп, ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.

Қаулы:

1. Жылдық және перспективалық жоспарлар бекітілсін.
2. Күн тәртібі мен ҰОІӨ кестесі талапқа сәйкес жүргізілсін.
3. №1 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары сапалы ұйымдастырылсын.
4. Жауапты педагогтер белгіленген тапсырмаларды уақытылы орындасын.

Төрайымы: _____

Хатшы: _____

№ 3 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізу күні: «02» қыркүйек 2024 ж.

Қатысқандар: педагогтер ұжымы

Төрайымы: Намиров

Хатшысы: Намиров

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қазақстан халқы тілдері күніне дайындық.
2. №1 балабақшаішілік семинарға дайындық.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Әдіскер _____ Қазақстан халқы тілдері күні мерекесінің маңыздылығы туралы баяндады. Балалардың тіл мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік тілге құрмет көрсету және көпұлтты халықтар достығын нығайту бағытында жүргізілетін жұмыстар таныстырылды.

2-мәселе бойынша:

Меңгеруші _____ №1 балабақшаішілік семинарды ұйымдастыру жұмыстары туралы хабарлады. Семинардың мақсаты, өткізу формасы, жауапты педагогтер және дайындық жұмыстары талқыланды.

Қаулы:

1. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі жоғары деңгейде ұйымдастырылсын.
2. Іс-шараларға барлық топтар белсенді қатыстырылсын.
3. №1 балабақшаішілік семинарға дайындық жұмыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізілсін.
4. Жауапты педагогтер тапсырмаларды уақытылы орындасын.

Төрайымы: Намиров

Хатшы: Намиров

№4 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «04» ҚАЗАН 2024 ж.

Қатысқандар саны: 24 педагог

Күн тәртібі:

1. Республика күні мерекесін ұйымдастыру және өткізу.
2. «Күз кереметтері» байқауына дайындық.
3. «Елтаңбасымен еңселі, Өнұранымен айбынды, Туымен тұғырлы!» дөңгелек үстеліне дайындық.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Республика күніне арналған іс-шара жоспары қарастырылды. Мерекелік бағдарламаның мазмұны, жауапты тұлғалар және өткізу мерзімі талқыланды.

Қаулы:

- Республика күніне арналған іс-шара жоспары бекітілсін.
- Мерекелік безендіру жұмыстары ұйымдастырылсын.
- Жауаптыларға нақты тапсырмалар берілсін.

2-мәселе бойынша

«Күз кереметтері» байқауын өткізу тәртібі мен бағалау критерийлері талқыланды. Қатысушыларды тарту және көрме жұмыстарын ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Қаулы:

- Байқау ережесі қатысушыларға таныстырылсын.
- Көрме бұрышын безендіру жұмыстары жүргізілсін.
- Әділқазылар алқасы бекітілсін.

3-мәселе бойынша

«Елтаңбасымен еңселі, Өнұранымен айбынды, Туымен тұғырлы!» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің мақсаты мен өткізу форматы талқыланды.

Қаулы:

- Дөңгелек үстелдің бағдарламасы бекітілсін.
- Баяндамашылар мен қатысушылар анықталсын.
- Көрнекіліктер мен презентациялық материалдар дайындалсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі: Мауы

Хатшы: Мауы

**№5 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС
ХАТТАМА**

Өткізілген күні: «12» қараша 2024 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар: 23 адам

Күн тәртібі:

1. №2 балабақшаішілік семинарға дайындық.
2. Ашық қаралымдарға дайындық.
3. №2 педагогикалық кеңеске дайындық.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша

Әдіскер №2 балабақшаішілік семинарды өткізу жоспары мен бағдарламасымен таныстырды. Семинар барысында тәжірибе алмасу, инновациялық технологияларды қолдану және педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мәселелері қарастырылатыны айтылды.

Қаулы:

- Семинар бағдарламасы бекітілсін.
- Баяндамашылар мен жауапты педагогтер анықталсын.
- Көрнекілік және әдістемелік материалдар дайындалсын.

2-мәселе бойынша

Ашық қаралымдарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі талқыланды. Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің тақырыптары мен жауапты педагогтер белгіленді.

Қаулы:

- Ашық қаралымдардың кестесі бекітілсін.
- Педагогтер оқу қызметтеріне қажетті материалдарды дайындасын.
- Тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша

№2 педагогикалық кеңестің күн тәртібі, баяндамалар және ұйымдастыру жұмыстары қарастырылды.

Қаулы:

- Педагогикалық кеңестің күн тәртібі бекітілсін.
- Баяндамалар мен есептер уақытылы дайындалсын.
- Жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелсін.

Әдіскер:

Хатшы:

**№6 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС
ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «06» желтоқсан 2024 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар саны: 26 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Тәуелсіз елдің жастары» конференциясына дайындық.
2. Жаңа жыл ертеңгіліктерінің сценарийін құру.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша

Әдіскер «Тәуелсіз елдің жастары» атты конференцияны өткізуге дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Конференцияның мақсаты – жас ұрпаққа тәуелсіздіктің құндылығын түсіндіру, патриоттық тәрбие беру, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту екендігі айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- Конференцияның бағдарламасы бекітілсін;
- Баяндамашылар мен жауапты педагогтер анықталсын;
- Көрнекіліктер мен презентациялық материалдар дайындалсын;
- Конференцияны өткізу мерзімі нақтылансын.

2-мәселе бойынша

Жаңа жыл ертеңгіліктерінің сценарийін дайындау мәселесі қаралды.

Ертеңгіліктің мазмұны, кейіпкерлер құрамы, музыкалық нөмірлер және безендіру жұмыстары талқыланды.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

- Жаңа жыл ертеңгілігінің сценарийі бекітілсін;
- Музыкалық жетекшіге мерекелік бағдарламаны әзірлеу тапсырылсын;
- Тәрбиешілерге балалармен өлең, ән және би дайындау жүктелсін;
- Зал безендіру жұмыстары белгіленген мерзімде аяқталсын.

Әдіскер: Жаңа

Хатшы: Жаңа

№7 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «15» қаңтар 2025 ж.

Қатысқандар саны: 20

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Спорттық мереке «Қыс қызықтары!» іс-шарасын ата-аналармен бірлесіп өткізуге дайындық.
2. №3 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары.
3. №3 балабақшаішілік семинарға дайындық.
4. Ашық қаралымдарға дайындық мәселелері.

1-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Спорттық мереке «Қыс қызықтары!» іс-шарасын ұйымдастыру туралы әдіскердің ақпараты тыңдалды. Мерекенің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру екендігі айтылды. Іс-шара бағдарламасы, эстафеталар мен ойын түрлері талқыланды.

Шешім:

1. «Қыс қызықтары!» спорттық мерекесін белгіленген жоспарға сәйкес өткізу.
2. Тәрбиешілер ата-аналарға алдын ала хабарландыру жұмыстарын жүргізсін.
3. Музыка жетекшісі мен дене шынықтыру нұсқаушысы мерекенің сценарийін дайындасын.

2-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

№3 педагогикалық кеңеске дайындық барысы қаралды. Күн тәртібіндегі мәселелер, баяндамалар тақырыптары және жауапты педагогтер анықталды.

Шешім:

1. Педагогикалық кеңеске қажетті материалдарды белгіленген мерзімде жинақтау.
2. Баяндамашылар өз тақырыптары бойынша дайындық жұмыстарын аяқтасын.
3. Әдіскер кеңес құжаттарының толықтығын қамтамасыз етсін.

3-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

№3 балабақшаішілік семинарға дайындық мәселелері талқыланды. Семинар бағдарламасы, көрсетілетін іс-тәжірибелер және қатысушылар құрамы нақтыланды.

Шешім:

1. Семинар бағдарламасын бекіту.
2. Жауапты педагогтер көрнекі материалдар мен презентацияларды дайындасын.
3. Семинарды жоғары деңгейде ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

4-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Ашық қаралымдарға дайындық туралы тәрбиешілердің ақпараты тыңдалды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің жоспарлары қаралып, әдістемелік ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. Ашық қаралымдардың жоспарларын бекіту.
2. Тәрбиешілер оқу қызметтерін заманауи әдіс-тәсілдерді қолдана отырып өткізсін.
3. Әдіскер тарапынан қажетті кеңестер мен әдістемелік қолдау көрсетілсін.

Төрайымы: Таш

Хатшы: Нолли

№8 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «10» 02 2025 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар саны: 22

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Әжемнің ертегілері» қазақ ертегілерінен сайысқа дайындық.
2. Масленица мерекесі (Радуга тобы), 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін құру.

1-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Әдіскер «Әжемнің ертегілері» атты қазақ ертегілерінен өткізілетін сайысқа дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Сайыстың мақсаты – балалардың қазақ халық ертегілеріне деген қызығушылығын арттыру, тіл байлығын дамыту және ұлттық құндылықтарды насихаттау екендігі атап өтілді. Сайыс кезеңдері, қатысушылар құрамы және безендіру жұмыстары талқыланды.

Шешім: «Әжемнің ертегілері» сайысын бекітілген жоспарға сәйкес өткізу.

1. Тәрбиешілер балалармен ертегілерді оқу, сахналау және мазмұнын айту жұмыстарын ұйымдастырсын.
2. Музыка жетекшісі музыкалық сүйемелдеуді дайындасын.
3. Топтарда сайысқа қажетті көрнекіліктер мен атрибуттар әзірленсін.

2-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды: Масленица мерекесі, 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні және Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін дайындау мәселесі қаралды. Іс-шаралардың мазмұны, тәрбиелік маңызы, музыкалық нөмірлері мен көркемдік безендірілуі талқыланды.

Шешім:

1. Масленица мерекесінің сценарийін ұлттық және дәстүрлі ойын элементтерін енгізе отырып әзірлеу.
2. 8 Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктің сценарийін аналар мен әжелерді құрметтеуге бағыттап дайындау.
3. Наурыз мерекесінің сценарийіне ұлттық салт-дәстүрлер мен халықтық ойындарды енгізу.
4. Музыка жетекшісі мерекелік әндер мен билерді дайындасын.
5. Тәрбиешілер балаларды мерекелік қойылымдарға қатыстыру жұмыстарын жүргізісін.
6. Барлық сценарийлер әдіскердің қарауына ұсынылып, бекітілсін.

Қаулы: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ұсынылған жұмыстар бекітіліп, жауапты педагогтерге тиісті тапсырмалар жүктелсін.

Төрайымы: Маңаш

Хатшы: Наму

№9 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «03 » 03 2025 ж.

Өткізілген орны: АҚТ залы

Қатысқандар саны: 25

КҮН ТӘРТІБІ

1. Халықаралық әйелдер күні мерекесін ұйымдастыру және өткізу қорытындысы.
2. «Қазақ халқының қолөнері» ата-аналар арасында өткізілетін байқауды ұйымдастыру.
3. №4 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстарының қорытындысы.
4. Наурыз мейрамын өткізуге дайындық.

1-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шаралардың өткізілу барысы мен нәтижелері туралы ақпарат тыңдалды. Балалардың өнер көрсетуі, аналар мен әжелерге арналған құттықтаулар, мерекелік бағдарламаның мазмұны талқыланды.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысқан педагогтердің жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Мерекені өткізу барысында жинақталған тәжірибе келесі іс-шараларда қолданылсын.
3. Ерекше белсенділік танытқан ата-аналарға алғыс білдірілсін.

2-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

«Қазақ халқының қолөнері» атты ата-аналар арасындағы байқауды ұйымдастыру мәселесі қаралды. Байқаудың мақсаты – ұлттық қолөнерді дәріптеу, ата-аналардың шығармашылық белсенділігін арттыру және отбасы мен балабақша ынтымақтастығын нығайту екендігі айтылды.

Шешім:

1. Байқауды бекітілген ережеге сәйкес өткізу.
2. Қолөнер бұйымдарының көрмесін ұйымдастыру.
3. Байқау жеңімпаздарын марапаттау жұмыстарын жүргізу.
4. Тәрбиешілер ата-аналарға байқау шарттарын уақытылы жеткізсін.

3-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

№4 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстарының қорытындысы тыңдалды. Құжаттардың дайындық деңгейі, баяндамалардың мазмұны және ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Шешім:

1. №4 педагогикалық кеңеске дайындық жұмыстары аяқталды деп есептелсін.
2. Барлық қажетті құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделсін.
3. Кеңес барысында қаралатын мәселелер бойынша жауапты тұлғалар дайын болсын.

4-МӘСЕЛЕ

Тындалды:


Наурыз мейрамын өткізуге дайындық жұмыстары талқыланды. Мерекелік бағдарламаның мазмұны, ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау, ұлттық ойындар мен өнер көрсетулер мәселелері қарастырылды.


Шешім:

1. Наурыз мейрамын бекітілген жоспар бойынша өткізу.
2. Мерекелік алаңды ұлттық нақышта безендіру.
3. Балалармен ұлттық дәстүрлер мен салттарды таныстыру жұмыстарын жалғастыру.
4. Музыка жетекшісі мен тәрбиешілер мерекелік бағдарламаны толық дайындасын.

ҚАУЛЫ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша ұсынылған іс-шаралар жоспары бекітіліп, жауапты педагогтерге орындалуы тапсырылсын.

Төрайымы: 

Хатшы: 

№10 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «04» 04 2025 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар саны: 25

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Біз тату-тәтті спорттық отбасы» ата-аналармен денсаулық күніне дайындық.
2. «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» тақырыбындағы ата-аналармен жұмыс (пікірталас).
3. «Қазақстанның табиғи ғажайыптары» атты дөңгелек үстелге дайындық.

1-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

«Біз тату-тәтті спорттық отбасы» атты денсаулық күніне арналған іс-шараға дайындық жұмыстары туралы ақпарат тыңдалды. Іс-шараның мақсаты – отбасы мүшелерін салауатты өмір салтына баулу, ата-аналар мен балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және спортқа деген қызығушылықты арттыру екендігі айтылды. Бағдарламадағы спорттық жарыстар мен эстафеталар талқыланды.

Шешім:

1. Денсаулық күнін бекітілген жоспар бойынша өткізу.
2. Ата-аналарды іс-шараға белсенді қатысуға тарту жұмыстарын жүргізу.
3. Дене шынықтыру нұсқаушысы спорттық жарыстардың бағдарламасын дайындасын.
4. Тәрбиешілер қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктерді әзірлесін.

2-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

«Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» тақырыбындағы ата-аналармен өткізілетін пікірталасты ұйымдастыру мәселесі қаралды. Пікірталастың негізгі мақсаты – отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту, бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерді талқылау және тәжірибе алмасу екендігі атап өтілді.

Шешім:

1. Пікірталасты белгіленген мерзімде ұйымдастыру.
2. Ата-аналардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.
3. Бала тәрбиесіне қатысты өзекті сұрақтар мен жағдаяттарды талқылауға ұсыну.
4. Педагогтер ата-аналарға әдістемелік кеңестер берсін.

3-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

«Қазақстанның табиғи ғажайыптары» атты дөңгелек үстелге дайындық жұмыстары қаралды. Іс-шара барысында еліміздің табиғи байлықтары, көрікті жерлері мен табиғатты қорғау мәселелері туралы мағлұматтар ұсынылатыны айтылды.

Шешім:

1. Дөңгелек үстелдің бағдарламасын бекіту.

2. Қатысушылардың баяндамалары мен таныстырылымдарын алдын ала дайындау.
3. Қазақстанның табиғи ғажайыптары туралы көрнекі материалдар ұйымдастыру.
4. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыру.

ҚАУЛЫ

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дайындық жұмыстары қанағаттанарлық деп танылып, жауапты тұлғаларға іс-шараларды сапалы ұйымдастыру тапсырылсын.

Төрайымы: Жаңа

Хатшы: Наур

№11 ӘДІСТЕМЕЛІК ОТЫРЫС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: «16» 05 20 ж.

Өткізілген орны: АКТ залы

Қатысқандар саны: 23

КҮН ТӘРТІБІ

1. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін өткізуге дайындық.
2. Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру.
3. Жаз мезгіліне арналған жұмыс жоспарын құру.
4. №5 педагогикалық кеңеске дайындық.

1-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін өткізуге дайындық туралы ақпарат тыңдалды. Іс-шараның мақсаты – балаларға еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің достығы мен татулығын насихаттау, бірлік пен келісім құндылықтарын дәріптеу екендігі айтылды. Мерекелік бағдарламаның мазмұны мен ұйымдастыру жұмыстары талқыланды.

Шешім:

1. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесін бекітілген жоспар бойынша өткізу.
2. Мерекелік бағдарламаға әртүрлі ұлттардың мәдениетін танытатын көріністер мен өнер нөмірлерін енгізу.
3. Топтарда достық, бірлік тақырыптарында тәрбиелік жұмыстар жүргізу.
4. Мерекелік безендіру жұмыстарын уақытылы аяқтау.

2-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Отан қорғаушылар күніне арналған іс-шараларды ұйымдастыру мәселесі қаралды. Балаларды патриоттық рухта тәрбиелеу, ел қорғаушыларға құрмет көрсету мақсатында өткізілетін мерекелік шаралардың жоспары ұсынылды.

Шешім:

1. Отан қорғаушылар күніне арналған ертеңгіліктер мен спорттық жарыстарды ұйымдастыру.
2. Балаларға әскери мамандықтар туралы түсінік беру жұмыстарын жүргізу.
3. Өкелер мен аталарды мерекелік іс-шараларға қатыстыру.
4. Тәрбиешілер мен музыка жетекшісі мерекелік бағдарламаны дайындасын.

3-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

Жаз мезгіліне арналған жұмыс жоспарын құру туралы әдіскердің ақпараты тыңдалды. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілетін іс-шаралар, балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын нығайтуға бағытталған жұмыстар қарастырылды.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспарын бекіту.
2. Ашық ауада өткізілетін ойындар мен сауықтыру шараларын көбейту.

3. Қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
4. Әр топ жазғы кезеңге арналған перспективалық жоспарларын дайындасын.

4-МӘСЕЛЕ

Тыңдалды:

№5 педагогикалық кеңеске дайындық мәселесі қаралды. Кеңестің күн тәртібі, баяндамалар тақырыптары және жауапты педагогтердің дайындық деңгейі талқыланды.

Шешім:

1. №5 педагогикалық кеңеске қажетті құжаттарды толық дайындау.
2. Баяндамашылар белгіленген мерзімде материалдарын тапсыру.
3. Кеңестің ұйымдастыру жұмыстарын әдіскер бақылауға алсын.
4. Педагогикалық кеңесті өткізуге дайындық жұмыстары аяқталсын.

ҚАУЛЫ

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша ұсынылған жоспарлар мен дайындық жұмыстары мақұлданып, жауапты тұлғаларға белгіленген мерзімде орындау тапсырылсын.

Төрайымы: Наиыр

Хатшы: Наиыр